

**Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 618 "2021-2023 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 99 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 618 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7900 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 37973,7 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1900,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 149,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 35924,7 мың теңге;

2) шығындар – 41998,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профицит) – -4024,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 4024,3 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 4024,3 мың теңге.";

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 6900,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт бөлінгені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Кішіқұм ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2021 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге 6284,7 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін."; көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін атқарушы

С. Жоламанов

Шалқар аудандық мәслихатының 2021  
жылғы 15 қыркүйектегі № 99 шешіміне  
қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 29 желтоқсандағы № 618  
шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	37973,7
1			Салықтық түсімдер	1900,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1900,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	57,0
		3	Жер салығы	68,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1775,0
2			Салықтық емес түсімдер	149,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	149,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	149,0
4			Трансферттердің түсімдері	35924,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	35924,7
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	35924,7
II. Шығындар				41998,0
01			Жалпы сипаттағы	31178,0

				мемлекеттік қызметтер	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	31178,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31178,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	31178,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10820,0
	3			Елді мекендерді көркейту	10820,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10820,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5456,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	321,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5043,0
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-4024,3)

			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	4024,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4024,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	4024,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4024,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК